

Сен туған күн мерекеңмен...

Құрметті ұстаз арулар!

Көктемнің шуақты мерекесі – 8 наурыз

Халықаралық әйелдер күні қарсаңында сіздерді шын жүректен құттықтаймын!

Ұстаз – қоғамның тірегі, ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы. Сіздер шәкірт жүрегіне білімнің нұрын себіп, адамгершілік пен парасаттың жолын көрсетіп келе жатқан ардақты жандарсыздар. Ел болашағын тәрбиелеу жолындағы адал еңбектеріңіз, төзім мен мейірімге толы ұстаздық қызметтеріңіз әрдайым зор құрметке лайық.

Ауданымыздың білім саласында еңбек етіп жүрген ұстаз аналар мен арулардың еңбегі қашанда жоғары бағаланады. Сіздер тек білім беруші ғана емес, шәкірттеріңізге қамқор анадай мейірім төгіп, олардың болашағына бағыт-бағдар беріп келе жатқан абзал жандарсыздар. Білім мен тәрбиені қатар ұштастырып, ел ертеңін қалыптастыру жолындағы еңбектеріңіз үшін зор алғысымды білдіремін.

Осынау көктем мерекесінде, баршаңызға зор денсаулық, отбастарыңызға амандық, еңбектеріңізге толағай табыс тілеймін. Шәкірттеріңіздің құрметіне бөленіп, қоғам игілігі жолындағы абыройлы қызметтеріңіз әрдайым жемісті бола берсін!

Ізгі тілекпен: **Рысалды Таударбекова**
Алматылық “Демеу” қоғамдық бірлестігінің
Кеген аудандық “Қорғау” филиалының төрайымы.



базасын нығайтып, оқу-тәрбие үдерісін жаңа талаптарға сай дамытуға зор еңбек сіңірді.

Биыл ардақты ұстаз 63 жасқа толып, зейнеткерлік жасқа жетіп отыр. Бұл – бір жағынан ұзақ жылғы еңбектің жемісін көрер кезең болса, екінші жағынан кейінгі ұрпаққа үлгі болар өнегелі өмір жолының айғағы. Оның тәрбиесін алған шәкірттері бүгінде еліміздің әр түкпірінде еңбек етіп, ел дамуына өз үлестерін қосып жүр.

Ардақты ұстазды 63 жас мерейтойымен және зейнеткерлік жасқа толуымен шын жүректен құттықтай отырып, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасы амандығын тілейміз. Шәкірттеріңіздің құрметіне бөленіп, еңбегіңіздің жемісін көре беріңіз!,-демекпіз.

Ізгі тілекпен: "Айтжан Түркебаев атындағы мектеп-лицейі мектепке дейінгі шағын орталығымен" КММ ұжымы.

Құрметті **Ерғали БИЛ-ДЕБАЙҰЛЫ** ұзақ жылдар бойы шәкірт тәрбиелеп, білім мен тәрбие ісіне сүбелі үлес қосып келеді. Жоғары білім алып, ұстаздық жолды жүрек қалауымен таңдаған ол өз еңбегімен талай шәкірттің өмір жолына бағыт-бағдар берді. Мектеп директоры болып қызмет атқарған жылдары білім ордасының материалдық-техникалық



Қуанатын, шаттанатын күнің бүгін.

Шад шадыман көңілің ортаймасын,
Қиындығы өмірдің байқалмасын.
Аман болып отбасың, ошақ қасың,
Шаңырақтың шаттығы шайқалмасын.

Бар жақсыны тілейміз, бар бақытты,
Шаттанып өткізе бер, бар уақытты.
Жүзіңнен күлкі кетпей әр қашан да,
Алла сыйлап өзіңе бар жақұтты.

Ізгі ниетпен: **Ата-анаң: Оразалы-Орал.**
Бауырларың: Ержан-Жанетта, Нұрлан-Айнұр, Асылбек-Жазира, жолдасың Ержан.

Жалағаш ауылының тұрғыны аяулы қызымыз **КАХАРМА-НОВА Гүлназым** 12 наурыз күні қырқылы 40 жасқа толып отыр.

Ай мен нұрдан жаралған, жаны жайсаң,
Жан гүлім құтты болсын туған күнің.
Қырық жасың есіктен еніп отыр,

Жыл сайын 21 ақпанда әлемнің көптеген қалаларында, әсіресе

туризм орталығына айналған аймақтарда, Дүниежүзілік экскурсия күні немесе Дүниежүзілік туристік гид күні аталып өтеді. Бұл күн экскурсия жетекшілерінің еңбегінің маңыздылығын қоғамға кеңінен таныту мақсатында белгіленген.

Аталған мерекені Экскурсия жүргізушілер (гидтер) қауымдастықтарының дүниежүзілік федерациясы— World Federation of Tourist Guide Associations (WFTGA) — кәсіби гидтердің қызметінің қоғам үшін маңызды екенін көрсету мақсатында бекіткен.

Аталған федерация 1985 жылы экскурсия жетекшілерінің алғашқы халықаралық конвенциясында құрылған. Бүгінде ұйымға әлемнің 87- ден астам елінен 200 мыңнан астам маман мүше. Ал бұл мереке 1990 жылдан бері жыл сайын аталып келеді.

Музей экскурсия жетекшісі – музей қорындағы жәдігерлерді кең аудиторияға түсінікті тілмен жеткізетін, тарих пен мәдениетті байланыстырып, келушілерге жаңа білім мен әсер сыйлайтын кәсіби маман. Экскурсия жүргізу ұғымы Батыс Еуропа және Ресейде XVIII-XIX ғасырларда пайда болып, алғашында оқу-ағарту мақсатында оқушыларды серуендетуден бастау алды.

Экскурсия сөзі латынның «excursio» сөзінен шыққан, серуендеу, сапар деген мағына береді.

Экскурсия жетекшілерінің мерекесі

Экскурсия ғылыми, білім беру, танымдық, мәдени-ағарту, демалу т.б. мақсаттарда белгілі бір орындарға ұйымдастырылатын ұжымдық сапар немесе жорық.

Қазақстандағы экскурсиялық істің қалыптасуы, дамуы мен өрлеуі музейлердің тарихымен тікелей байланысты. Экскурсияның шығуына себепшілік танытқан өткен ғасырлардың қоғамдық өмірі десе де болады. Қазақстан аумағында тұңғыш рет музейдің ашылуы 1831 жылдан басталған болатын. Музейлердің ашылуы экскурсия жүргізу ісін біртіндеп жолға қоя бастады. Сонымен қатар өткен ғасырлардың белгілі мұғалімдері экскурсияны оқу үдерісінің интерактивті түрі деп санаған. Сондықтан экскурсияға шығу алғашында мектептерде кең қанат жайды. Тарихи орындарға бару, табиғат аясына шығу, қоршаған ортаны тану секілді іс-шаралардың маңызы зор екендігін озық ойлы мұғалімдер нақты білгендіктен, көпшілігі оқудың осындай белсенді түрін таңдап алып жатты. Оқушылар музейлерге, тарихи орындарға және сәулет өнері ескерткіштеріне баруының нәтижесінде оқудан тыс экскурсиялар да пайда бола бастады.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін оқу үдерісінде экскурсия кеңінен қолданылып, өлкетанушылық жұмыстар дамыды.

Музей экскурсия жетекшілері әртүрлі

әлеуметтік және жас ерекшеліктеріне ие келушілермен жұмыс жүргізеді. Осыған байланысты экскурсия мазмұнын аудиторияның деңгейіне қарай бейімдеу, сұрақтарға нақты әрі толық жауап беру, мәдени қарым-қатынас нормаларын сақтау оның қызметтік міндеттеріне жатады.

Музей экскурсия жетекшісінің қызметі тәрбиелік және танымдық маңызға ие. Экскурсиялар арқылы ұлттық тарихқа, мәдени құндылықтарға, тарихи тұлғалар мен оқиғаларға құрмет қалыптасады. Бұл бағыттағы жұмыс әсіресе өскелең ұрпақтың отансүйгіштік тәрбиесінде маңызды орын алады.

Қазіргі музей ісінде экскурсия жетекшілері интерактивті әдістерді, мультимедиялық құралдарды, тақырыптық экскурсиялар мен мәдени-білім беру бағдарламаларын кеңінен қолданады. Бұл музей қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Қорытындылай келе, музей экскурсия жетекшісі музей мекемесінің ғылыми-ағартушылық қызметін жүзеге асыратын маңызды маман болып табылады. Оның кәсіби қызметі мәдени мұраны сақтау, зерттеу және көпшілікке насихаттау ісінде айрықша рөл атқарады.

Индира РАМАЗАНОВА,
Кеген аудандық тарихи-өлкетану музейінің қызметкері.

ҚАРҚАРА

Редакция алқасы:

Бас редактор
Лаура ҚАРАСАРТОВА
тел: 8-708-670-15-87

Меншік иесі –
ЖШС
«Қарқара газеті»

Дизайнер, корректор,
фототілші
Мира МУРАТАЛИЕВА

Қазақстан Республикасы ақпарат және коммуникация министрлігі байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде 2018 жылғы 20 маусымда тіркеліп, №17178 – Г куәлігі берілген.

Жарияланған мақала авторларының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Материалдар несіне қайтарылмайды және оған жауап берілмейді. Жарнама мен хабарландырудың мазмұны мен мәтіні, суреттеріне жарнама беруші жауапты.

Газет айына төрт рет шығады. Бағасы келісімді. Осы шығарылымның таралымы – 2950 дана. Газет «Принт-плюс» ЖШС-ның баспаханасында басылады. Мекен-жайы: Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, С.Сейфуллин көшесі, 2 «Б»

Директор – бас редактор 2-13-83, жауапты хатшы 2-13-83. Көлемі екі баспа табак. Офсеттік тәсілмен басылған. Редакция мекенжайы: 041400. Кеген ауылы, Д. Қонаев көшесі, 137-үй.

Нөмірдің кезекші редакторы: М.МУРАТАЛИЕВА.